

Қазақстан Республикасы өнімдерінің экспортына 1993 жылғы квоталар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 қаңтар 1993 ж. N 66

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы өнімдерінің экспортына 1993 жылғы квоталар қосымшаға сәйкес (ТМД елдеріне, Грузия мен Азербайжанға беріп тұруды есептемегенде) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өнімдер экспортының аталған көлемдерін министрліктерге, ведомстволарға, облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдеріне, кәсіпорындар мен ұйымдарға 2 апта мерзім ішінде жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері, экспорттаушы кәсіпорындар өнімдерді экспортқа белгіленген квоталар шегінде беріп тұру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі сыртқы нарықта оңай өткізілетін өнімдер өндірмейтін өндірістік бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірісті жетілдіру мен жаңа технологияларды енгізу үшін қажетті валюта қаржысына ділгерлігін қамтамасыз ету мақсатында қалыптасқан нарық сұранымын ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне аталған мақсат үшін мемлекеттік маңызы бар өнімдерге экспорт квоталарды көбейту жөнінде ұсыныс жасайтын болсын.

Аталған бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың сатып

алған өнімдері, соның ішінде биржалардан да, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі айқындаған сыртқы сауда ұйымдары арқылы оларға берілген лицензиялар бойынша ғана экспортқа шығарыла алатын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі экспортқа шығарылатын өнімдерді тиеуге көлік құралдарын уақытында бөлуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 26 қаңтардағы

№ 66 қаулысына

қосымша

1993 жылғы өнімдер экспортына квоталар

(Кесте)

(Кестенің қазақша аудармасы жоқ, орысша текстен қараңыз)

Приложение

к постановлению Кабинета Министров

Республики Казахстан

от 26 января 1993 года № 66

Сноска. В приложение внесены изменения постановлением от 15 июля 1993 г. № 612.

КВОТЫ НА ЭКСПОРТ ПРОДУКЦИИ В 1993 ГОДУ

! Единица ! Величина квот
! измерения ! на 1993 год

Нефть	тыс. тонн	5500
Уголь	"	2750
Дизельное топливо	"	280
Мазут топочный	"	600
Цинк	"	90
Свинец	"	70
Железорудные окатыши	"	1000
Хромовая руда	"	900
Ферросплавы	"	510
Медь	"	120
Прокат черных металлов	"	680
Жесть белая	"	80
Желтый фосфор	"	50

Минеральные удобрения, включая аммофос	-"	478	
Триполифосфат натрия	-"	50	
Каракуль	тыс.штук	450	
Кожсырьё крупное	-"	275	
Кожсырьё мелкое	-"	650	
Кожсырьё свиное	-"	330	
Панты	кг	3640	
Хлопок-волокно	тыс.тонн	28,7	
Зерно	-"	1000	
Бихромат натрия	-"	20	
Икра осетровая	кг	80000	
Рога сайги	тонн	10	
Полипропилен	тыс.тонн	5,5	
Полистирол	-"	10	
Редкие и редкоземельные металлы	млн.долларов	42	